ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru

университет студенттерінің үні

№09 (473) 30 мамыр 2019 жыл



## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### ОБЛЫСТЫҚ СОТ ТӨРАҒАСЫ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ

Оқу ордамыздың президенті Болатбек Абдрасилов университетіміздегі білім жүйесі мен «Құқықтану» мамандығы жайында айтып өтті. Түркістан облыстық сотының төрағасы Т. Қожанұлы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасы аясындағы жаңалықтармен таныстырып өтті.

2 Бетте

### ҚҰНДЫЛЫҚТЫ КӨТЕРГЕН ҚОС ШЫҒАРМА

Сиясы кеуіп үлгермеген ғалымның қос кітабын алғашқылардың бірі болып қолымызға ұстадық. Осы күнге дейін жарық көрген көптомдықтардың жалғасы болып табылатын ғалымның жаңа еңбектері қалың оқырман қауымға жол тартты.

2 Бетте

### ҰТҚЫРЛЫҚТАН ҰТАРЫМЫЗ КӨП

Біздің оқу ордамызда бағы жанып, өзге оқу орданың сапалы біліміне қанық болып, зор мүмкіндіктерге ие болған студенттер аз емес. Дәлірек айтқанда, жалпы сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша 9 студент Польша мемлекетіндегі Лодзь университетіне ағымдағы оқу жылының 1 академиялық кезеңіне білім алуға жіберілді.

3 Бетте

### СӘТ САПАР САҒАН ЖАС ТҮЛЕК!

Сонымен қатар көптеген талапкердің мамандық таңдаудағы қателігі, грант көп бөлінетін мамандықтарды таңдай салуы. Олар тек грант үшін ғана таңдап,кейін ЖОО-на түскеннен соң қабілеттілігі жоқ екенін байқап, оқуды тастап, болмаса еріксіз бітіріп болашақта мамандықпен жұмыс жасамай, диплом сандық түбінде жатыр дегендей мәселелерді қоғамда жиі кездестіреміз. Сол себепті мамандық таңдау алдында, көп ойланып барып шешім қабылдаған абзал.

5 Бетте

# XVI ЕУРАЗИЯЛЫҚ МЕДИА ФОРУМЫ ӨТТІ

**Жуырда Алматы қаласында XVI Еуразиялық Медиа форумы өтті. Форумның биылғы қаузаған тақырыбы – «Бүгінгі әлем: шындық трансформациясы ма?». Медиа форумының (ЕАМФ) басты миссиясы — Қазақстанның, Еуразияның және бүкіл халықаралық қоғамдастықтың геосаяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуының негізгі проблемалары бойынша саясаткерлердің, журналистер мен сарапшылардың еркін және ашық диалогына жағдай жасау болып табылады.Әлемнің нағыз майталмандары бас қосқан XVI Еуразиялық медиа форумына университетіміздің журналистика мамандығының студенттері профессор Бекжігіт Сердәлімен бірге барып, қатысып қайттық. Форумның әр сәтін қалт жібермей, қажетті ақпараттарға қанық болдық, тәжірибе алмастық. Аталған басқосу жаңа медиа мен дәстүрлі медианы сабақтастыруда болашақ журналистерге таптырмас мүмкіндіктер сыйлады.**




Конференция барысында әлемдік және өңірлік деңгейдегі бірқатар өзекті мәселелер талқыланып, шетелден келген білікті журналистер тәжірибелерімен бөлісті.

Форум шеңберінде медиа саласындағы кәсіби тақырыптар — сандық әлемдегі журналистиканың болашағы және блогосфера ықпалының өсу қарқыны сөз болды. Шараға Facebook, Instagram, CGTN және ТАСС өкілдері, әлемдік деңгейдегі журналистер, 19 елден шетелдік спикер, еліміздің мемлекет қайраткерлері мен айтулы сарапшылар қатысуда. Басқосуға АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Австралия, Германия, Ресей, Грузия, Польша, Украина, Австрия, Қытай, Эстония, Словения, Сент-Винсент және Гренадин, Ливан, Андорра, Найроби, ОАР, БАӘ өкілдері келді.

Тренингте әлемді алаңдатып отырған экологиялық мәселенің журналистік тұрғыдан шешу жолдары. Кино саласының қарқындылығы, Қазақстанда сапалы кино түсіруге жетіспейтін кемшін тұстарға шолу, 360 градустық видеоларды түсіру жолдары мен көременге әсері сынды тақырыптар талқыланды. Жоғары атмосферадағы аудиториямен пікірталас та өтті. Барша журналистер қауымын қызықтырған мәселе «Тәуелсіз журналистика.Журналистің идея сатуы мен еңбегіне лайықты деңгейде қаражат табуы. Саясат, қоғам, әлеуметтік, күрделі мәселелерге зерттеу жасауда ресми ақпараттың нақтылығы. Жеке басқа төнген қауіптен қорғану жолдары» сынды өте құнды ақпараттарға толы күн болды.

Жаңа медианың мүмкіндіктері сан қырлы болғандықтан әлем журналистерінің өзара пікір алмасуы таптырмас мүмкіндіктің бірі болып табылады.

Халықаралық деңгейде өтіп жатқан медиа форумға Халқаралық статусқа ие оқу орданың студенттерінің белсене қатысуы, қазақ журналистикасына жаңа леп әкелетін журналистерді дайындаудағы оң қадамдардың бірі.

Форумның екінші күнінде өте өзекті мәселелер талқыланды. Гида Факридің модераторлығымен пікір алмасу алаңы болды. Саяси тұрғыда ойларын ортаға салған спикерлер: Армения Президенті Армен Саркисян, Қазақстанның сыртқы істер министірінің орынбасары Ержан Ашықбаев, Қытайдың Халықаралық қатынастар жөніндегі комитет төрағасы Др. Байге Жао, Эстония президенті Томас Хендрик, Ресейдің ЕЭК мүшесі Татьянна Валовая, Ұлыбританияның Еуропалық одақтағы тұрақты өкілі Айвэн Роджерс. Талқыланған мәселелер: Елдерге жаһанданудың әсері, әлем елдерінің бір-біріне ықпалы, Жаһанданудың аяқталуын сезіндік пе? Жаһандық дағдарыс жағдайында қандай жаңа мүмкіндіктер пайда болды т.б сұрақтарға жауап іздеп, аудиторияның да пікіріне құлақ түрілді. Одан әрі «Тұтыну дағдарысы», «Бұқаралық медиадағы сандық жүйе: Сын-қатерге төтеп береміз бе?», «AI дәуірі азаматтардың азуы ма әлде гүлденуі ма?» деген маңызды мәселелер қаралды. XVI мәрте өткізіліп отырған жиында көтерілген тақырыптар ерекше маңызға ие. Ортақ талқыға түскен мәселелердің шешу жолдары да қарастырылды.

Студенттерге жазбада аталған тақырыптар төңірегінде әлемдік деңгейдегі форумда үн қоса отырып, саяси тұрғыда ой-өрістің қалыптасуына мүмкіндіктердің болуы қуантарлық жәйт.

**Венера ОЙЫЛХАНОВА,**
**Айман ӘЛМЕН,**
**3-курс студенттері**

# ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ

**Жуырда оқу ордамыздың кітапханасында «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі мен университетіміздің ұйымдастыруымен «Қызым үйде...» атты семинар-тренинг өтті.**

Аталмыш жиынды педагогика ғылымдарының докторы, профессор, отбасы тәрбиесінің тарихы мен теориясын зерттеуші ғалым Қалипа Атемова жүргізді. Тренингте қыз баласының тәрбиесі, отбасылық мәселелер сынды өзекті проблемалармен қатар, отбасы тәрбиесін ұйымдастырудың тиімді жолдарын айқындауды, қыз баламен қалай қарым – қатынас орнатуды, ер мен әйелдердің міндеттері, ұлт болмысына сай қыз тәрбиелеу жолдары қарастырылды.Семинар – тренинг аудиториясын көбіне сынып жетекшілер, мектеп директорының тәрбие – ісі жөніндегі орынбасарлары қамтыды. Тренинг екі бөлімнен тұрды:

1.Қыз тәрбиесіндегі отбасының рөлі;

Қыз тәрбиесін қалыптастыруда ықпал етуші факторлар;




2.Қыз тәрбиесінің табиғаты.Қыздарға тән табиғат заңдылықтарымен олардың денсаулығына әсері;

Қалипа Тұрсынқызы тренингтің басты мақсаттарының бірі мектептерде қыз баланың тәрбиесіне, қалыптасуына байланысты жауапты тұлғалардың арнайы жиналыстар, іс-шаралар өткізуі керектігі жөнінде баса айтты.Семинар-тренинг барысында «Қазіргі XXI ғасыр қыздарының кемшін тұстары қандай?» деген сұрақпен қала жұртшылығынан алынған видео сауалнамалар көрсетіліп көрермендермен ой алмасып,сұхбат өткізіп, ресми дүниелерге қатып қалмай,Қалипа Тұрсынқызы әзілі мен ақыл кеңестерін қатар айтып, ұлт тәрбиесі мен болашағына байланысты өз зерттеулерімен бөлісті.

Іс-шара соңында облысымыздың түрлі аймақтарынан келген педагог мамандар өз ұсыныстарымен бөлісіп қана қоймай, ерекше рухани азық болар семинар-тренинг үшін алғыстарын жаудырып жатты. Қалипа Тұрсынқызы алдағы уақытта аудандарды аралап,басқа да тақырыптарда семинар-тренингтер өткізуге, мектеп ұжымдарымен тығыз байланыста болуға уәде етті.

**Нұрай ИСАНХАН,**
**1-курс студенті**

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

# ОБЛЫСТЫҚ СОТ ТӨРАҒАСЫ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ

**Университетімізге Түркістан облыстық сотының төрағасы Талғат Баратбеков арнайы ат басын бұрды. Сапар барысында студенттер мен оқытушы-профессорлармен кездесті.**

Оқу ордамыздың президенті Болатбек Абдрасилов университетіміздегі білім жүйесі мен «Құқықтану» мамандығы жайында айтып өтті. Түркістан облыстық сотының төрағасы Т. Қожанұлы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасы аясындағы жаңалықтармен таныстырып өтті. Төраға дауларды (жанжалдарды) сотқа дейінгі және соттан тыс реттеу институтының, «Отбасылық сот» бағдарламаларының тиімділігін түсіндірумен қатар, «Е-сот» бағдарламасы бойынша сот ғимаратына келмей-ақ, сот процесіне қатысуға болатындығын айтты.

Кездесу соңында студенттер төрағаға көкейлеріндегі сауалдарын жолдап, тұщымды жауаптар алды.

**Айда ПЕРДЕХАН,**
**1-курс студенті**



# ҚҰНДЫЛЫҚТЫ КӨТЕРГЕН ҚОС ШЫҒАРМА

**Редакцияға Тоқболат ағай жаңалығын ала келіпті. Сиясы кеуіп үлгермеген ғалымның қос кітабын алғашқылардың бірі болып қолымызға ұстадық. Осы күнге дейін жарық көрген көптомдықтардың жалғасы болып табылатын ғалымның жаңа еңбектері қалың оқырман қауымға жол тартты.**

Жазушы,филология ғылымдарының докторы, профессор Тоқболат Еңсегенұлының «Тереңге сүңгіген інжу іледі» (Алматы: Тоғанай Т, 2019 ж.) атты әдеби сын кітабында кемеңгер ақын Абай Құнанбайұлына әуелі тағзым ете отырып, оның философиялық тереңдікте шығарма жасаудың үлгісін туындатқанына дәлел ретінде «Қара сөздер» атты шығармасындағы сол бағытта жазылған бірнеше ғақлиясына талдау жасалынады.

Сонымен қатар есімі дүниеге кеңінен тараған әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтың көптеген шығармаларының тереңіне үңіліп, сипаттама жасап, соның ішінде дүние жұртшылығын тамсандырған «Ақ кеме» шығармасына жанжақты талдау жүргізіледі. Ондағы мақсат – әдебиет сүйер қауым мен қаламгерлерге атақты Шүкіров, Қадыр Мырзалиев және де басқа сөз зергерлерінің көркем шығарма жасаудағы өзіндік ерекшіліктері сөз болады. Бұған қоса, бірнеше талантты қаламгерлердің шығармалары назарға алынып, орнықты бағасы берілген. Әдебиеттану саласында жазылған біраз қойыртпақ еңбектер де назардан тыс қалмайды. Әдеби сын – көркем шығарманың әділ таразысы.

Ал, он үшінші том «Қазақ мысал жанрының тарихы мен теориясы» деген атпен жарық көрді. Ғалымның бұл монографиялық еңбегінде сатиралық жанр әдебиеттануда тұңғыш рет тұтастықта зерттелді. Турасын айтсақ, бұл сатиралық жанр қазақ халқымен бірге жасап, тозбайтын көркем мұрасына айналса да әлі толымды түрде тереңдете зерттелмепті. Кеңес дәуірінің алғашқы кездерінде кейбір зерттеушілер мысал өлеңдер қазақ жеріне Крылов мысалдары жеткеннен кейін пайда болды дегенді шығарды. Осы еңбекте арнайы қарастырылып, күрделі мәселелер ғылыми негізде шешімін тапқан. Атап айтқанда, қазақ мысалының тарихының өзі сегіз тарауға бөлініп қарастырылады.

Кітапта үнемі ескерусіз қалып келе жатқан А.Байтұрсынұлының халқын оятуға арналған да-



суреткердің мәңгілік рухани мұра жасаудағы ерен шеберлігінің сырын ашып көрсету және тозбайтын дүние жасап, биікке көтерілудің жолын мүмкіндігінше таныту.

Сондай-ақ, бұл кітапта туған жер топырағынан шыққан көркем ойдың алыптары: Мағжан Жұмабаев, Әбіш Кекілбайұлы, Олжас Сүлейменов, Ғабит Мүсірепов, Әбдіжәмил Нүрпейісов, Сәкен Сейфуллин, Әбділда Тәжібаев, Асқар Тоқмағанбетов, Зейнолла

уылпаз шығармасы «Қырық мысалға» жан-жақты зерттеу жасалынып, бұл мұраның құндылығына шынайылықпен көз жеткізеді.

Кітаптар жоғары оқу орындарындағы филология, журналистика, мәдениеттану, өнертану мамандықтарының студенттеріне және жалпы оқырманға арналады.

**Дайындаған:**
**Эльмира АРТЫҚБАЕВА**

# БІЛІМ АЛУҒА ЗОР МҮМКІНДІК ЖАСАЛҒАН

**Халқымызда «қанша тіл білсең – сонша рет сен адамсың» - деп А.П.Чехов айтқан тәмсіл сөз жиі айтылады. Екі немесе үш тілді еркін игеру мемлекетіміздің маңызды бағыттарының бірі саналады. Сан түрлі ұлттардың басын біріктірген университетімізде түбі бір туыс елдердің жастары білім алуда.**

Өзім жалпыакадемиялық ағылшын тілі кафедрасында оқытушы болып қызмет атқарамын. Кафедрамыз университеттің оқу жүйесінде барлық мамандықтарға ағылшын тілінен, сондай-ақ белгілі бір мамандықтарға латын тілінен практикалық сабақтар жүргізуге бағытталады. Кафедра меңгерушісі ф.ғ.к., доцент Қ.Жанатаев. Қазіргі таңда кафедрада жалпы саны 23 ОПҚ, оның ішінде 1 кандидат, 1 PhD доктор, 7 аға оқытушы, 14 оқытушы қызмет етуде. Кафедра оқытушылары әр оқу жылында біліктілік арттыру мақсатында біліктілік жетілдіру курстарына қатысып отырады. Практикалық ағылшын тілі пәні бойынша студенттік конференциялар және студенттік олимпиадалар ұйымдастырылады.

Сапалы білім саналы тәрбие беру жолында кафедра оқытушыпрофессорлары аянбай тер төгіп келеді. Біркатар оқытушыларымыз үздіксіз білім беру институтының курстарына қатысып, біліктіліктерін арттырды. «Мәулана» академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Түркия Республикасы, Измит қаласындағы Ходжели университетінде тәжірибе алмасу курсынан өтіп қайтты.

Жанамын деген жүректерге жалын беретін оқу орда басшылары да студенттер игілігі үшін қаншама жұмыстар атқаруда. Университетімізде жаңға жайлы жатақханалар, кітап қорына бай кітапхана, заман талабына сай салынған кампусы бар. Біздің университетке келіп білім аламын деген әрбір студентке барлық жағдай жасалған. Басқа оқу орындарынан басты айырмашылығы Түркия мемлекетінің тарапынан бөлінетін 500 оқу гранты бар. Мемлекеттік оқу грантына ілінбеген білімгерлердің Түркия квотасы конкурсына қатысып, ақысыз оқуға мүмкіндігі бар. Ректор Б.Абдрасиловтың ұсынысымен өткен оқу жылынан бастап, ақылы негізде оқитын білімгерлердің оқу төлемақысы едәуір төмендеді. Студенттік асханадағы тамақтың бағасы да 250 теңге болып белгіленді. Бұл дегеніңіз білімгерлер мен ата-аналарға жасалған үлкен жеңілдік деуге болады.

Университетімізде академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы шетелдер мен еліміздің басты ЖОО-на барып білім алмасуға болады. Түркі әлемінің мәдени бесігі, рухани астанасы саналатын Түркістан қаласындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің есігі білімгерлер үшін әрқашан да айқара ашық.

**Перуза МАЙЛЫГАРАЕВА,**
**Жалпыакадемиялық ағылшын тілі кафедрасының оқытушысы**

## АПТА АЙШЫҚТАРЫ

Түркістан облысы әкімдігі мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұйымдастыруымен «Түркістан-түркі әлемінің бесігі» тақырыбындағы Халықаралық конференциясы өтті. Мәдениет орталығының үлкен залында өткізілген бұл конференцияның мақсаты-Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында Түркі тілдес әлемнің рухани астанасы-Түркістан қаласы тарихының, фольклорының, мәдениетінің халықаралық өркениеттегі маңыздылығын айқындау, тәжірибе алмасу және пікірлермен бөлісу болып табылады. Конференция «Түркістан-түркі әлемінің бесігі» бейнеролигін көрсетумен бастау алды. Пленарлық мәжіліске оқу ордамыздың президенті Болатбек Абдрасилов модераторлық етті. Алғаш құттықтау сөзді Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Естайұлы сөйледі. Университетіміздің I вице президенті Женгиз Томар «Ұлы даланың жеті қыры: түркі мәдениетін дамытудың өзектілігі» тақырыбында баяндама жасады.

***

ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларының аясында Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың Мәдениет орталығында «Күй құдіреті» атты Сүгір Әліұлы күйлерінің кеші өтті. Шараны ҚР Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай облыстық Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы ұйымдастырды.

***

Таяуда университетімізде білім мен ғылым сапасын арттыруға, білімгерлерге халықаралық дәрежеде тәлім-тәрбие бергені үшін, оқу ордамызды дамытуға және Түркия мен Қазақстан арасындағы достық қарым-қатынастарды арттыруға қосқан үлесі үшін, университетімізде қызмет ету мерзімі аяқталған бірқатар Түркиялық оқытушыларға Алғыс хат берілді. Университет президенті Болатбек Абдрасилов пен I вице президент Женгиз Томар Түркиялық ОПҚ-на сыйқұрмет көрсетті.Оқу ордамыздың білім мен ғылым сапасын арттыру жолында тер төккен Түркиялық оқытушыларға шығармашылық табыс тілейміз.

***

21-25 мамырда Х жазғы Универсиада аясында ҚР студенттері арасында самбодан (ерлер, қыздар) жарыс өтті. Жарысқа Қазақстанның ЖОО-нан 17 команда қатысты. Жарыс Ақтөбе қаласында Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Медицина университеті спорт кешенінде болды. Универсиадаға университетіміздің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығында оқитын спортшы-студенттеріміз қатысып, нәтижесінде самбо (ерлер, қыздар) командалық есепте Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің спортшылары Х-жазғы Универсиадасының жеңімпазы атанды. Командалар Универсиада Кубогімен және медальдармен марапатталды.

# Студенттер беті



# АУДИТОРИЯ

## ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕСІГІ

Ақын Өмірбай Сәуірбаев жырлағандай «Түркістанда тумақ түгілі, тұрғаныма қуанып» жүрген жайым бар. Еліміздегі тұңғыш ашылған Халықаралық университеттің білімгері екенімді мақтанышпен айта аламын.

Таяу күндері мектеп түлектері үшін аса маңызды сәт Ұлттық бірыңғай тестілеу емтиханы басталғалы тұр. Отбасында ата-аналары, мектептегі ұстаздары да «ҰБТ-ға дайындал» - деп құлағына құюда. Ал сенің басты ойың, грантқа түсу. Сол грант үшін көңілің қаламаған мамандық таңдап, кейін керексіз дипломың жоғарыдағы сөреде жатады.Осы қателік орын алмас үшін: Ең алдымен мамандық таңдауда; екінші оқу орынды белгілеуде қателеспе.

Мен өзім оқып жүрген оқу ордамды мақтан тұтамын. Алғашқыда ақылы бөлімде оқып, кейін білім көрсеткішімнің жоғары болуына байланысты Түркия грантына қол жеткіздім. Біздің университетімізде өзге ұлт өкілдерінен жаңа достар тауып, шетел профессорларынан білім алуға мүмкіндігің бар. Аудиториялар заман талабына сай жабдықталған. Кітапхана, асхана тағы да басқа нысандар студенттер үшін жұмыс жасайды.

Әр жылы өткізіліп тұратын түрлі іс-шаралар мен концерттерде білімгерлер үшін ұйымдастырылады. Сондықтан университет таңдау кезінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы білім ордасын таңдауға шақырамын.

**Назгүл САТТАРХАН,**
**3-курс студенті**



## САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ЖАДЫМЫЗДА

**31 мамыр - Қазақстанда 20-ғасырдың 20-50-жылдарындағы жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Бұл күн Қазақстанда саяси репрессия құрбандарын еске алу күні деп белгіленген. Саяси қуғын-сүргін құрбандары Президенттің 1997 жылдың 5 сәуірдегі бұйрығынан соң жыл сайын 31 мамырда еске алынады. Сол кезеңде халқымыздың басым бөлігі қасаң да қатаң мемлекеттік саясаттың құрбанына айналды. Миллиондаған азаматтар репрессияға ұшырады.**

Сталиндік қуғын-сүргінге зерттеушілер саяси репрессияны, ашаршылықты, халықтар депортациясын жатқызады. Бұл оқиғалардан 4 миллиондай Қазақстан азаматы зардап көрді. 1920-30-жылдардағы ашаршылықтан түрлі дерек бойынша қазақ халқының жартысына жуығы қырылды. Тек Қазақстанда 20 мыңнан астам адам түрмеге қамау, ату сияқты қатал жазаға кесілді. Осы жылдары немістер мен шешендер, Қырым татарлары және басқа ұлттар Қазақстанға жаппай жер аударылды.

Қазіргі таңда еліміз егемендігін алып, өзге елдермен тереземіз теңесті. Қазақстанды әлем таныды. «Өткенді еске алмай, болашақты болжай алмайсың» деген тәмсіл бар. Қиын күндер артта қалды. Дегенмен де ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен келген бейбітшілік заманды бізге сыйлаған бабалар есімін әрқашан да құрметтеуіміз керек.

**Ақмарал СЕРІКБАЕВА,**
**1-курс студенті**

БІЛІМ АЙДЫНЫНДА

## ҰТҚЫРЛЫҚТАН ҰТАРЫМЫЗ КӨП

**Университімізге биылғы оқу жылында академиялық ұтқырлық аясында шетелден 17 студент білім алуға келді. Ал 48 студентіміз білім іздеп шетелге оқуға кетті. Ішкі ұтқырлық бағдарламасы негізінде 49 студент университетімізге білім алуға келсе, біздің оқу ордамыздан 42 студент Қазақстанның өзге оқу орындарына оқуға жіберілді.**



Академиялық ұтқырлық – бұл білім алушылардың немесе зерттеуші-оқытушылардың оқу немесе зерттеу жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге яғни оқу немесе өндірістік тәжірибеден өтуді қоса, семестр немесе оқу жылына басқа жоғары оқу орнына ауысуы, мұндай жағдайда меңгерілген білім беру бағдарламасы кредиттер түрінде өз жоғары оқу орнында қайта есептеледі. Академиялық ұтқырлық сыртқы (халықаралық) және ішкі (ұлттық) болып ажыратылады. Ал сыртқы академиялық ұтқырлық дегеніміз білім алушылардың шетелдік жоғары оқу орындарында оқуы, ал зерттеуші-оқытушылардың шетелдік білім беру немесе ғылыми мекемелерде қызмет етуі.Ішкі академиялық ұтқырлық дегеніміз білім алушылардың Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарында оқуы, ал зерттеуші-оқытушылардың қызмет етуі.



Біздің оқу ордамызда бағы жанып, өзге оқу орданың сапалы біліміне қанық болып, зор мүмкіндіктерге ие болған студенттер аз емес. Дәлірек айтқанда, жалпы сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша 9 студент Польша мемлекетіндегі Лодзь университетіне ағымдағы оқу жылының 1 академиялық кезеңіне білім алуға жіберілді. «Мевлана» студенттер және оқытушылар алмасу бағдарламасы аясында университетіміздің факультеттерінен 12 студент 1 академиялық кезеңге Түркияның ЖОО-на білім алуға жіберілді, ал 8 студент біздің университетке келіп білім алды. Сондай-ақ «Орхун» процесі бағдарламасы негізінде 5В020200-Халықаралық қатынастар, 5В021000-Шетел филологиясы: түрік тілі мамандықтарынан 7 студент Түркияның беделді ЖОО-на, Қырғызстан Республикасы Манас университетіне, Қырғызстан Халықаралық университетіне 1 академиялық кезеңге білім алуға кетті, ал 9 студент біздің оқу ордамызға білім алуға келді. Сонымен қатар екіжақты келісім-шарт негізінде 19 студент Түркия Республикасының Акдениз, Селчук, Эрджиес, Сакарья университетіне, және 1 студент Польша еліндегі Лодз университетіне 1 академиялық кезеңге білім алуға жіберілді.

Ішкі ұтқырлық бағдарламасы негізінде «Жалпы медицина» мамандығы бойынша Қарағанды мемлекеттік медицина университетінен 37 студент, Халықаралық қазақ-орыс университетінен 1 студент, Астана медицина университетінен «АҚ» 3 студент, SILKWAY Халықаралық университетінен 2 студент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Мемлекеттік университетінен 4 студент, Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінен 1 студент, Нұр-Мүбәрак Египет Ислам мәдениеті университетінен 1 студент бір академиялық кезеңге білім алуға келді. Ал біздің оқу ордамыздан Қарағанды мемлекеттік медицина университетіне 37 студент, Астана медицина университетіне «АҚ» 2 студент, Халықаралық қазақ-орыс университетіне 3 студент бір академиялық кезеңге білім алуға жіберілді.

**Ақмарал СЕРІКБАЙ,**
**1-курс студенті**

ТӘЖІРИБЕ ТАҒЛЫМЫ

# БІЗ ПРАКТИКАДАМЫЗ!

## БАҚ ПЕН БАПТЫҢ СЫНАЛАР ТҰСЫ

**Білімнің сыналар сәті бақылау емтихандары мен сессия кезі саналады. Мектеп қабырғасында емтиханға дайындалу рәсімінің ең ауыр кезеңі әдетте үшінші тоқсанда сезіледі. Ал университет қабырғасында сессия кезінде десек қателеспейміз!**

**Пәннің күрделілігі мен өз күшіңді қалай есептеуге болады?**

Емтиханға даярлық алдында екі сұраққа жауап берген жөн:

1. Маған бұл емтиханнан не қажет: тапсырып, ұмытып кету ме, әлде өмір бойға жететін білім бе? Егер бала журналистика мамандығына оқуға түсуді ойласа, ол үшін әдебиет пәні басымдылықта болуы керек.

Барлық пәнді беске білу мүмкін емес. Тіпті «үш алу да күш!». Емтиханға даярлық денсаулыққа зиян келтіретін стресске айналмауы керек.

2 . Мен қалайтын нәтиже мен менің білімімнің айырмашылығы қандай?

Бұл сұрақтың жауабы әр пән бойынша даярлық уақытын есептеп шығуға көмектеседі. Сүйікті тарихтан дайындалу демалыс уақытына барабар болса, математикаға дайындалу үшін көбірек күш жұмсауыңыз мүмкін.

**Емтиханнан бірнеше ай бұрын**

Бір тақырыпты оқыған соң, сол сәтте біз оның 70%-ын қайта айтып бере аламыз. Бірнеше сағаттан кейін ақпараттың 50%-ы қалады. Бір тәуліктен кейін 20%-ын ғана есіңізге түсіре аласыз. Сондықтан, сіз емтиханда есіңізге түсетін ақпараттың осы 20% екенін есте ұстаңыз. Көбірек оқысаңыз, пайыздық көрсеткіш те көбірек болады. Емтиханға бір жыл бойы дайындалсаңыз, сіздің 20%-ыңыз да соншалықты мол болады.

**Есте сақтау техникасы**

Есте сақтау үшін, ол тақырыпты қызыға оқу керек. Егер белгілі тақырыпқа орай сіздің өз көзқарасыңыз туындаса, онда осы тақырыпта сіз көбірек білетін боласыз. Сондай-ақ бір тақырыпта жазылған екі түрлі көзқарасты оқу да өте пайдалы.Есте сақтау қабілетіңізді жаттықтырыңыз.Шпаргалка жазыңыз. Бірақ дайын шпаргалканы емтиханға кірерде тастап кетіңіз. Оның бар екендігі туралы ой адамға сенім тудырады. Жауаптарды диктофонға жазып, оны музыка орнына тыңдаңыз.Есте сақтау керек болатын цифрлер мен даталарды қағазға жазыңыз.

**Емтиханға 4 күн қалғанда**

Бұл ең жауапкершілігі мол кезең. Бұл күндері барлық дайындалға сұрақтарыңызды қайталап шығыңыз. Сонда кейбір сұрақтарға мүлде дайын емес екендігіңіз байқалады. Осы күндері мүлде білмейтін сұрақтарыңызға ерекше мән беріңіз.40 сұрақты 4 күнге 10-сұрақтан бөлу мүлде дұрыс емес. Онда емтихан күні алғашқы оқыған 20 сұрағыңызды ұмытып қаласыз.Тізімнен ең маңызды және күрделі сұрақтарды анықтап алыңыз. Осылардан бастап дайындала бастаңыз.Емтихан немесе тест



тапсыруға дайындалыңыз. Кәдімгі емтиханда отырғандай, барлық рәсімді орындаңыз.

**Емтиханға бір күн қалды**

Даталарға, формулаларға ден қойыңыз. Бұрын мүлде оқымаған нәрсені есте сақтаймын деп жанталасудың қажеті шамалы. Бұрын оқымаған материал енді есте қалмайды.

**Қорқыныштан қалай арылуға болады?**

Негізі адамдар емтиханнан емес, оның нәтижесінен қорқады. «Ата-анам ренжиді», «Мен ғана дайын емеспін», «Мен жаман оқимын, топаспын» деген ойларға жол бермеңіз. Егер сіз қорқыныштан дірілдеп, талып қалсаңыз, ата-анаңызға жақсы болып кетеді деп ойлайсыз ба?

**Дайындаған:**
**Айда ПЕРДЕХАН, 1-курс студенті**

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ - КЕРЕМЕТ ПЕ ӘЛДЕ КЕСАПАТ ПА?

**Біздің ғасыр - дамыған технологиялардың дәуірлейтін кезеңі. Ғаламшарымыздағы мемлекеттердің бәсекелестігі де осы технологиялармен тығыз байланысты. Бүгінгі таңда әрбір шығарылып жатқан технологиялар, белгілі бір қызметке бағытталып жатады. Менің айтқалы отырған дүнием телефон атты технологияның ішіндегі әлем.**

Әлеуметтік желі-қоғам арасындағы байланыстың, ақпараттың кеңінен таралатын ортасы болып табылады. Алайда бүгінгі жастар қауымы сол әлеуметтік желіні қандай мақсатта пайдаланып жүргені, біз үшін жасырын дүние. Алғашында алысты жақын ететін дүние деп түсінген біздер,оның бүгінгі мүмкіндіктеріне қарап не шаттанарымызды, не шошынарымызды білмейміз.Себебі, әлеуметтік желі мәнсіз дүниелермен көркейіп жатыр.Адамның тән саулығынан бөлек, рухани жан саулығын мүгедек күйге түсіруде.Жалаңаштанған жастар, былдырлаған баладай маңыраған әншілер, өлімге итермелейтін сайттар, арам жолмен ақша табуға арбайтын парақшалар, ойына келгенін оттайтын бүгінгінің данагөйлерінің көрінісі желінің кесапаты. Кереметі сол жақыныңнан екі минутта хабар беретіні, жаңалықты тез жеткізетіні. Ал зиянды жағы да баршылық екен.

**Мадина МАМЫР,**
**1-курс студенті**



## Öğrencilere İftar Yemeği Verildi

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesi Öğrenci Yemekhanesi'nde Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ve Rektör Yardımcısı Doç. Dr. Pusat Pilten tarafından iftar yemeği verildi. 2019 Ramazan ayı etkinlikleri kapsamındaki iftar yemeğinde800'e yakın öğrenci oruç açtı.

İftar programına Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov olmak üzere rektör yardımcıları, fakülte dekanları, akademisyenler ve personeller de iştirak etti. Ramazan ayının sevinç ve huzurununbir arada paylaşıldığı iftar yemeğine Türk dünyası öğrencileri yoğun olarak katılım gösterdi.Türk dünyasının çeşitli bölgelerinden gelen öğrencilere, birlik ve beraberlik içeresinde millive manevi değerlerimizin idraki yeniden yaşatıldı.

Kültür birliğimizin zihinlerde yer etmesine yol açan ve maneviyatın gelişimini sağlayan iftar programında öğrenciler hoşgörü, sevgi ve dayanışma içerisinde olmanın gururunu paylaştılar. Birlik ve beraberlik mesajlarının verildiği iftar programları, Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafındanTürkistan'da öğrencilerin ve yöneticilerin katılımları ile sürdürülüyor.

## АУЫЗАШАР ӨТТІ

**Таяуда Орталық асханада Рамазан мерекесіне орай Нұр-сұлтан қаласының Діни қызметтер басқармасы ұйымдастыруымен арнайы ауызашар өтті.**

Ауызашарға 200-ден астам студенттер мен отбасылық жатақхананың тұрғындары қатысты. Мол сауап пен ырысқа толы ауызашарға жиналғандарға мешіт азанынан бөлек студенттер арасынан бірі шығып арнайы Азан шақырылып ауыз ашар уақыттының жеткенін ерекше жеткізді. Ауызашарда діни әңгімелер айтылып, келушілерді рухани азықтандырды.

P.S. Рамазан айында орталық асханада университет қызметкерлері мен студенттеріне арнап, бірқатар бөлімдер мен құрылымдар ауызашар өткізуде.

**Ақмарал СЕРІКБАЕВА,**
1-курс студенті

# ОТБАСЫ ТӘЛІМ – ТӘРБИЕНІҢ ОШАҒЫ

Тәрбие дегеніміз - жеке тұлғаның адамдық бейнесі, ұнамды мінез – құлқын қалыптастыру және өмірге бейімдеу. Жалпы тәрбиенің дұрыс болуы ең бірінші ата-анаға байланысты.Одан кейін адамды ортасы тәрбиелейді. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші бірінші бала дүниеге келгеннен жақсы азамат болуы үшін баланы рухани тәрбиелеу қажет.

Қазіргі жас ата – аналар баласының қарны тоқ, көйлегі көк болуы үшін таң атқаннан кеш батқанша жұмыс жасайды. Сол уақытта баласының немен айналысып жатқанынан хабарсыз. Жұмыс басты анасынан жылулық, әкесінен қаталдық көрмеген кейбір жастар өзім білерменге салынады. Батысқа еліктейді. Қазақи тәрбиенің жоғалуы осыдан бастау алмасына кім кепіл.

**Аружан ЖАҚСЫБАЙ,**
**2-курс студенті**



# Сәт сапар саған жас түлек!



**Жуырда мектеп бітіруші түлектердің тапсыратын сынағы Ұлттық бірыңғай тестілеу өтеді. Болашақ студенттер бұл сынақта, өздерінің 11 жылдық білімдерінің нәтижесін көрсетеді. Әрбір талапкердің басынан өтетін қобалжу, қорқыныш секілді сезімдер әлбетте студенттер үшін таныс жағдай.**

Мен 2018 жылдың түлегімін. ҰБТ тапсырар алдында менің де басымда қорқыныш,сенімсіздік болған. Бірақ қайтсем де грантқа түсемін деген нық сенім болды.Әр кезекті тестілеуде менде қобалжу арта түсетін.Кішігірім стресс те орын алды.Күндіз түні ұйқы болмай, уайымдайтынмын.Күн сайын сабақтан тыс қосымшаларға барып, кешкісін шаршап-шалдығып үйге оралатынмын.Одан соң таңға дейін қайта дайындыққа кірісетінмін.Осы еңбектің жемісі болар, қазірде ең керемет жоғары оқу орнының студентімін.

Құрметті жас түлек! ҰБТ-дан қорқудың еш қажеті жоқ! Себебі тестілеуден қорқу, ол студент болудан қорқу деген сөз.Ал студент ол болашақ маман.Ал сен неге өз мамандығыңа алғашқы қадамыңды жасауға қорқуың қажет?Сен керісінше өз таңдауыңды, өз мамандығыңды сүюің қажет. Ол жөнінде тереңірек білуге асығуың керек. Бұл әрине алғашқы қағида.Сонымен қатар көптеген талапкердің мамандық таңдаудағы қателігі, грант көп бөлінетін мамандықтарды таңдай салуы.Олар тек грант үшін ғана таңдап,кейін ЖОО-на түскеннен соң қабілеттілігі жоқ екенін байқап, оқуды тастап, болмаса еріксіз бітіріп болашақта мамандықпен жұмыс жасамай, диплом сандық түбінде жатыр дегендей мәселелерді қоғамда жиі кездестіреміз.Сол себепті мамандық таңдау алдында көп ойланып барып шешім қабылдаған абзал.

ҰБТ ол 11 жылдық біліміңді 3 жарым сағат ішінде дәлелдеу. Осы сын сағат сенің тағдырыңды шешеді.Ол талапкердің өміріндегі алғашқы маңызды емтихан. Ал студенттерде осындай маңызды емтихан әр жыл сайын,екі рет қайталанып отырады.Сондықтан әрбір талапкерді студенттер өте жақсы түсінеді.

Болашақ студенттерге тағы да айтарым:Сендердің қолдарыныан барлығы келеді! Сендер қиындатып жатқан дүние, шындығына келгенде өте оңай! Ең бастысы сенім және білім.Осы екеуін қатар ұстасаңдар онда сендер міндетті түрде студент атанатын боласыңдар.Жас түлектерге алдағы ҰБТ-да сәттілік тілеймін!

**Сымбат СЕЙТХАНОВА**
**1-курс студенті**

# ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕК – ЖАСТАР ҚОЛЫНДА!



Әрбір азамат өзінің елін қастерлеп, құрметтеуге міндетті! Себебі мемлекет елдігіміздің нышаны. Сан ғасырлы қиыншылықтың жемісі, нәтижесі болып табылады.Өз тілін, Отанын, ұлтын сүймеген азамат, өзін де сүйе алмас!

Еркіндік, бостандық сынды ұғымдарды әрқашан да қастерлеуіміз керек. Тәуелсіз мемлекет болғалы да 28 жылға жуық уақыт өтті. Білектің күшімен, найзаның ұшымен келген еркіндікті, әрбір ұрпақ қадірлеуі тиіс деп есептеймін.Бақытты болашақты бізге сыйлаған батырларымызға алғысымыз шексіз!

Жарқын келешек тек жарқын жастар болғанда ғана , орын алмақ. Сондықтан жастардың келешегі жарқын болуы, олардың өздеріне байланысты. Білімді, және бәсекеге қабілетті, еңбекқор жастарды қашанда жарқын болашақ күтетініне мен сенімдімін.Жастардың саяси көзқарастарының дұрыс болуы,жаһандық ақпараттар мен әрдайым хабардар болып отыруы, қалыптасқан қоғамның дамуына зор үлесін қосады деп ойлаймын.

Әрбір азамат, азаматша елінің дамуына өз үлесін қосуы керек. Әр мамандық иегері өзінің саласының тереңірек білуі қажет. Кәсіпкерлік кеңінен етек жайуы тиіс.Сонда ғана еліміздің келешегі бұлыңғыр болмас.

Елімізді жан жүрегімізбен сүйгенде ғана біз оның қадірін ұғына аламыз.Сөзімді қорытындылай келсем, кереметті жасайтын біздер.Жаһандық тың идеяларды ұсынып, мемлекетіміздің өркендеуіне бәріміз өз үлесімізді аянбай қосайық.

**Сымбат СЕЙТХАНОВА,**
**1-курс студенті**

# ӨЗІҢЕ СЕН, ӨЗІҢДІ АЛЫП ШЫҒАР...

Әр адамның өзіне берілген ерекше қабілеті бар, ең бастысы соны дұрыс анықтай білу керек. Өмірде жеңіске жетудің жолы жайлы белгілі кәсіпкер Қуаныш Шоңбайдың «Екінші болма» атты кітабын оқып шықтым. Аталмыш кітап тұңғыш қазақ тілінде жазылған кәсіпке және шабытқа шақыратын туынды. Табысты кәсіпкер, ресторатор Қуаныш Шонбай бұл кітапта тұлғаны және бизнесті дамытуға қатысты ақпараттармен бөліседі. «Сен бұл өмірге тек туылған мен өлген адамдардың статистикасына сан болу үшін келген жоқсың. Сен бұл дүниеге керемет шедевр жасау үшін келдің» деп оқырманға ерік-жігер береді.

Әр адам - жеке тұлға. Әрбір ата-ана өзінің баласы ес білгеннен бастап оны жеке тұлға ретінде қабылдау керек. Оның киімді өзі таңдауын, тапсырмаларды өзі орындауын, бөлмесін өзі безендіруін өзінің жауапкершілігіне сенім арту қажет. Ата-анаға мүлдем көмектеспе деп айта алмаймын. Алайда өз баласына деген сенімі мол ата-ана саналы ұрпақ тәрбиелеп шығады деп сенемін. «Көз қорқақ, қол батыр» демекші өзімізді жейтін сол баяғы ішкі қорқыныш. Алдымызға керемет бір идея келіп тұрса да, «ой, қойшы соны» деп кері итеретін жалқаулық деген жауымыз тағы бар. Ішімізде жатқан талай адамдарды құтқаратын дәрігерді, сахнаны таң қалдыратын өнерпазды, ел тамсанатын аспазды, аз ғана табысымызға мастандырып, қанағатшылдық пен әрдайым кінәсын жасырып жатқан дәл осы жалқаулық.

Бізге үлгі болатын «жұрттың баласы», ата-анамыздың мақтанышы. Не істесек те жұрттың баласынан кем боламыз. Мүмкін кейбіреулер өзінің балаларын жақсы болсын деп басқалармен салыстыруы мүмкін. Оның мүлдем кереғі жоқ, себебі ол бала өз-өзіне сенімділігін жоғалтады. «Жұрттың балалары» сенен артық емес, олар барлығына бірдей беретін білімді оқып шетелге барады, керемет жұмыс орындарында өзін көрсетеді, және соның барлығын сен көріп отырасың. Көрмеймін десең де, теледидар мен әлеуметтік желі олардың жеткен жетістіктерін еске салып отырады.

